



ШЕШІМ

13.11.2024

Астана қаласы

РЕШЕНИЕ

№ 232 /29-VIII

№

город Астана

«Астана қаласында аппараттық-бағдарламалық фотобейнетіркеу және бейнеталдау кешенін құру және пайдалану» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер қабылдау туралы» Астана қаласы мәслихатының 2017 жылғы 20 шілдедегі № 171/21-VI шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексі 163-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрі міндетін атқарушының «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын жоспарлаудың және іске асырудың кейбір мәселелері туралы» 2015 жылғы 25 қарашадағы № 725 бұйрығына, Астана қаласы Бюджеттік комиссия отырысының 2024 жылғы 23 қазандағы № 19 хаттамасына, Астана қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 28 қазандағы № 504-3273 «Астана қаласы әкімдігінің 2017 жылғы 19 шілдедегі № 180-1488 «Астана қаласында аппараттық-бағдарламалық фотобейнетіркеу және бейнеталдау кешенін құру және пайдалану» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелерді қабылдау туралы қаулысына өзгеріс енгізу туралы» қаулысы негізінде, Астана қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Астана қаласында аппараттық-бағдарламалық және фотобейнетіркеу және бейнеталдау кешенін құру және пайдалану» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер қабылдау туралы» Астана қаласы мәслихатының 2017 жылғы 20 шілдедегі № 171/21-VI шешіміне (бұдан әрі - Шешім) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) Шешімнің 1-тармағында:

«2018-2024 жылдар кезеңінде» деген сандар мен сөздер «2018-2025 жылдар кезеңінде» деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын;

«26510948254 (жиырма алты миллиард бес жүз он миллион тоғыз жүз қырық сегіз мың екі жүз елу төрт) теңге сомасына» деген сандар мен сөздер «27456482642 (жиырма жеті миллиард төрт жүз елу алты миллион төрт жүз сексен екі мың алты жүз қырық екі) теңге сомасына» деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын.

2) Шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

**Астана қаласы мәслихаты
мәслихатының төрағасы**

A handwritten signature in blue ink, consisting of several loops and a horizontal line at the end, positioned above the name of the official.

Е. Каналимов

Астана қаласы мәслихатының
2024 жылғы 13 қарашадағы
№ 232/29-VIII шешіміне
қосымша

Астана қаласы мәслихатының
2017 жылғы 20 шілдедегі
№ 171/21-VI шешіміне
қосымша

**2018 - 2025 жылдар кезеңінде « Астана қаласында ақпараттық-
бағдарламалық фотобейнетіркеу және бейнеталдау кешенін құру және
пайдалану» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша
мемлекеттік міндеттемелер**

	Өлш. бірл.	Барлы- ғы	2018 жыл барлы- ғы	2019 жыл барлы- ғы	2020 жыл барлы- ғы	2021 жыл барлы- ғы	2022 жыл барлы- ғы	2023 жыл барлы- ғы	2024 жыл барлы- ғы	2025 жыл барлы- ғы
Инвестиция- лық шығындар өтемақысын (ИШӨ)	теңге	8 250 067 300	1 621 137 685	1 702 571 224	2 092 074 000	944 784 000	944 501 000	944 999 391	0	0
Операция- лық шығындар- дың өтемақысы (ОШӨ)	теңге	17 680 500 724	555 562 315	1 892 232 776	3 805 000 000	2 753 820 000	2 429 811 000	2 622 313 263	2 738 440 604	883 320 766
Объектіні басқарғаны үшін сыйақы (БС)	теңге	1 525 914 618	0	0	304 500 000	315 000 000	0	629 011 741	215 189 255	62 213 622
ИШӨ, ОШӨ, БС есепке алынған жалпы түсімдер	теңге	27 456 482 642	2 176 700 000	3 594 804 000	6 201 574 000	4 013 604 000	3 374 312 000	4 196 324 395	2 953 629 859	945 534 388